

Ойыл

БҰРАЛҚЫ ИТТЕР: ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЕЛІМІЗДЕ КӨШЕ КЕЗІП ЖҮРГЕН БҰРАЛҚЫ ИТТЕР МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІҢ БІРИНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. БҰРАЛҚЫ ИТ – ӨУЕЛДЕ ИЕСІЗ ЕМЕС... ӨРТҮРЛІ СЕБЕПТЕРМЕН КӨШЕ КЕЗГЕН БҰРАЛҚЫ ИТКЕ АЙНАЛДЫ. ОСЫНДАЙДА АТАЛАРЫМЫЗДЫҢ «ИТТИ ДЕ ИЕСІМЕН ҚИНАСЫН!» ДЕГЕН СӨЗІ ЕРИКСІЗ ЕСКЕ ТҮСЕДІ.



Мәселенің басты себебі – тұрғындардың жауапсыздығы. Асыраған итіне жауапсыздықпен қарап, әуелі оны көшеге бос қоя береді. Уақыт өте олар қараусыз қалған иттерге айналып, көше кезіп кетеді. Ал олардың көбеюі тұрғындардың қауіпсіздігіне, санитарлық жағдайға кері әсер ететіндігі айтпаса да белгілі. Топталған иттер малға шауып, ауыл маңындағы үйлерге қауіп төндіреді. Қыстың қысқа күнінде мектептен қараңғы уақытта қайтатын мамандардың қауіпсіздігіне де алаңдаушылық бар.

Көшеде жүрген иттердің негізгі бөлігі иесіз емес екені анық. Бірақ, иелері олардың бос жүруіне жол беріп, күтім жасау, екпе егу және тәртіпке бағындыру мәселесін назардан тыс қалдырады. Қараусыз қалған иттер күл қоқысты аралайды, ауру таратады, топтасып үй жануарлары мен құстарға шабуыл жасайды. Тұрғындардың қауіпсіздігіне нұқсан келтірген жағдайларды құлағымыз шалып та жүр. Амал қанша осы саламен айналысатын мамандардың қолы жіпсіз байлаулы. Осы мәселелерді шешу жолында

2022 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" заң қабылданған болатын. 2023 жылдың 2 наурызынан бастап осы заң күшіне енді. Енді бұралқы иттерді бірден жою емес, оларды ұстап, күту және стерилизациялау арқылы олардың көбеюін шектеу қарастырылып отыр. Заң бойынша бос жүрген иттерді иесі табылғанға дейін 2 ай бойы арнайы орында ұстау қажет. Иттің иесі табылған жағдайда 10-нан 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл жағдай тағы қайталанса,

айыппұл екі есе өседі. Яғни, үй жануарына жауапсыздықпен қарасаңыз 39320 немесе 117960 тенге аралығында айыппұл арқалауыңыз мүмкін. Әрине, бұл жағдайдың алдын алғыңыз келсе жауапкершілік танытқаныңыз жөн. Алайда айыппұл көлемі артқанымен, жауапкершілік танытып отырған адам аз. Ауданымызда бұл мәселенің көтерілуіне себеп иттерді уақытша ұстауға арналған орынның жоқтығы. Ал, бала кезімізді көзіміз көрген иттің көзін жою қазір құпталмайтын жайт. Өйткені заң күшіне енгеннен бастап бұралқы итті ату заңсыздық. Панажай мәселесіне келер болсақ, құрылыс жұмыстарынан басқа атқарылуы керек нәрсе шаш етекпен. Мысалы, панажай салса, онда жұмыс жасайтын, иттің күтімімен айналысатын мамандар, ауланған иттерді тамақтандыру шаралары тағы бар. Қысқасын айтсақ, қыруар қаражат пен уақытты талап ететін жұмыс. Мәселе шешімін табу үшін қоғамның көңіл аударар немесе жаға ұстайтын жағдайдың болуы қажет екенін айтпаса да түсінетін жағдайға жеттік. Ал, әзірге бұл мәселе шешімі табылмаған күйінде қала бермек.

Өділет ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

АУЫЛ - ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖҮРЕГІ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 20 МЛН. АДАМҒА ЖЕТТІ, ХАЛЫҚТЫҢ ШАМАМЕН 38,2%-Ы АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТҰРАДЫ. ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА БҰЛ КӨРСЕТКІШ ТӨМЕНДЕП КЕЛЕДІ.



Дегенмен бұл үдеріс жақын уақытта толығымен орындалмасы анық. Ал, қазір еліміздің қозғаушы күші және шаруашылықтың қызған ордасы осы ауылдарымыз. Сондай себеппен рухани мәдениеті мен ауылдық өңірлердің әлеуметтік дамуын қолдау мақсатында өткен аптада «Қазақ мәдениетінің жүрегі: ауылдың рухани жаңғыруы» атты үгіт поезді Қараой және Сарбие ауылдық округтерінде болып, ауыл тұрғындары мен жастарға арнайы шығармашылық бағдарламаларын ұсынды.

Бұл бастама еліміздің мәдени құндылықтарын сақтау, ауыл тұрғындарының рухани жан дүниесін байыту және олардың өл-ауқатын арттыру үшін маңызды рөл атқарады. Үгіт тобының ұйымдастырушысы Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі кештің ауыл тұрғындарына тигізетін оң әсер етеді деп үміттенеді. Шара барысында ауыл тұрғындары мәдениет пен білімнің жаңа қырларымен танысыты, жастардың қоғамға қосатын үлесі жайында

жаңашыл ақпараттар алды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында кәсіп ашқан жастардың табыстары көпшілікке үлгі ретінде көрсетілді, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша еңбек етіп жүрген жастар өз тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтары жылына орай, мамандығын мақтаншына айналдырған жастар өз кәсіптерінің артықшылықтарын жайында әңгіме өрбітті. Шара аясында Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері ауыл тұрғындарына арнайы кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрме барысында түрлі әдеби ойындар өткізіліп, белсенді деп танылған қатысушыларға кітап сыйға тартылды.

Бұл жиында жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Арт-терапия мен өнер арқылы жастарға өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тренингтер ұйымдастырылды. Жастардың қиялынан туған суреттер көрмеге қойылып, үздіктеріне сый-сияпаттар табысталды.

Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен ауыл жастарының ән шашулары мәдени кештің көркін қыздырды. Ал шараның соңы спорттық ойындармен жалғасын тапты. Қараой ауылында үстел теннисінен жарыс ұйымдастырылса, Сарбие ауылында ұлттық ойынымыз ләңгі тебу бойынша жарыс өтті. Жарыс жеңімпаздарына арнайы жүлделер табысталды. Бұл шара одан әрі басқа ауылдық округтерде де жалғасын таппақ.

КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІС: ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС - ҚАНДАЙ ЖАЗА?

2025 жылғы 10 қаңтарда мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №155-VIII ҚР Заңына қол қойды. Жаңа заңмен Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (әрі қарай ӘҚБтК) көптеген өзгерістермен толықтырулар енгізілген.

Бұл жерде әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін көзделген жазалардың қатарына қосылған қоғамдық жұмыстар түріндегі жаза туралы және одан жалтару мен оның орындалуы туралы, атап айтқанда 49-1 бап «Қоғамдық жұмыстар», 49-2 бап «Қоғамдық жұмыстардан жалтару», 914-1 бап «Қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысын орындау» жөнінде сөз болады. Яғни, ӘҚБтК-нің 49-1 бабы бойынша сот қоғамдық жұмыстарды әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаларға қатысты, оның келісімі болған кезде қолданады. Қоғамдық жұмыстар әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның өзінің тұрғылықты жерінде орна-

ласқан қоғамдық орындарда жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындауынан тұрады.

Қоғамдық жұмыстар сағатпен есептеледі, он сағаттан бір жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді және жұмыстан және оқудан бос уақытта орындалады. Қоғамдық жұмыстарды орындау күніне бір сағаттан кем болмауға және төрт сағаттан аспауға тиіс.

Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын адамдар қоғамдық жұмыстарды күніне кемінде бір сағат және сегіз сағаттан асырмай, бірақ аптасына қырық сағаттан асырмай орындайды. Қоғамдық жұмыстарды орындаудың жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауға тиіс.

Қоғамдық жұмыстар:

- 1) жүкті әйелдерге;
- 2) үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге;
- 3) үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлерге;
- 4) он сегіз жасқа толмаған адамдарға;
- 5) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар

адамдарға;

- 6) елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге;
- 7) алпыс үш жастағы және ол жастан асқан ерлерге;
- 8) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылмайды.

Осы көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, сот жергілікті атқарушы органдардың өтінішхаты бойынша мұндай адамды қоғамдық жұмыстарды орындаудан босатады. ӘҚБтК-нің 49-2-бабы бойынша қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарған деп

- 1) қоғамдық жұмыстарды орындау үшін жергілікті атқарушы органның шақыруы бойынша дәлелсіз себептермен келмеген;
- 2) қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартқан;
- 3) ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау мерзімі ішінде екі реттен артық дәлелсіз себептермен келмеген;
- 4) қоғамдық жұмыстарды орындауға келіп, қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңінде Қазақстан Республикасы-

ның заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық куәландырумен расталған алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масақ күйде болған және (немесе) жүрген;

- 5) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге дәлелсіз себептермен кеткен адамдар танылады.

Құқық бұзушының сырқаттанып қалуы және оны қоғамдық жұмыстарды орындау үшін уақтылы келу мүмкіндігінен айыратын, құжатпен расталған басқа да мән-жайлар оның қоғамдық жұмыстарды орындау үшін белгіленген мерзімде келмеуінің дәлелді себептері деп танылады. ӘҚБтК-нің 914-1-бабы бойынша адамды қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін орындалуға жатады. Ол үшін сот қаулысы әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның тұрғылықты жеріндегі жергілікті атқарушы органға орындау үшін жіберіледі. Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды. Жергілікті атқарушы органдар:

- 1) сот қаулысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде құқық бұзушыны шақырып, оның жеке деректерін толтырады;
- 2) құқық бұзушыға қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;
- 3) сот қаулысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына оның орындауға қабылданғаны туралы хабарлама жібереді;
- 4) сот қаулысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау үшін адам жіберілетіні туралы хабарлама жібереді;
- 5) қоғамдық жұмыстарды орындау графигі мен кезеңділігін жасайды;
- 6) құқық бұзушының қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтару фактісі анықталған кезден бастап дереу ішкі істер органдарын хабардар етеді;
- 7) адамды қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысы орындалған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде сотқа хабарлама жібереді. Ішкі істер органдары құқық бұзушының қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтару фактісі анықталғаны жөнін-

де хабарлама келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарайды және осы Кодексте белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды.

Ал ұйым орындалған жұмыстардың актілерін жасайды, жұмыс істеген сағаттар табылған жұмыстардың орындалуы туралы есепті тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдарға ұсынады. Қоғамдық жұмыстар түрінде бастап үш жұмыс күні ішінде адам қоғамдық жұмыстарды орындаудың осы Кодексте белгіленген шарттары мен тәртібін сақтауға, жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстарды орындауға, тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті. Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығына адамның қоғамдық жұмыстар орнына бару мен кері қайту уақыты кірмейді. «Қоғамдық жұмыстар» негізгі жаза ретінде қолданысқа 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап енгізіледі.

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы.

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ: САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Жылдың басында АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өрмән өрті тұтанды. Жүздеген үй жалынға оранды, ішінде қалталы азаматтар тұратын элиталы қоныс та бар. Қызығы, ел билігі өтемақы үйі өртенген адамдардың бәріне бірдей төленбейді деп отыр. Себебі кей тұрғын мүлкін апатты жағдайға байланысты сақтандырмаған, жауапты компаниялар да селсоқ қараған екен. Бұл мысал жалғыз АҚШ-қа тиесілі емес...

Кейінгі жылдары Қазақстанда табиғи апат көбейді. Алматы маңындағы жер сілкінісі, Семей орманындағы өрт, солтүстік және батыс аймақтағы су тасқыны болғанын білеміз. Алайда мәселенің себебінен бөлек, салдарын жою да алаңдатып отыр. Олай дейтініміз, әр апаттан кейін мемлекет қомақты қаржы бөліп, зардап шеккен тұрғындар мен кәсіпкерлерге өтемақы төлейді. Бұл биліктің тікелей жауапкершілігі болғанымен, экономикалық тұрғыда әрі әлемдік тәжірибеде тиімсіз қадам саналады. Сарапшылар табиғи апат кезіндегі шығынды сақтандыру компанияларын тарта отырып жабу керек деген ұстанымда. Өкініштісі, елде сақтандыру мәдениеті де, табиғи апатқа арналған ресми сақтандыру жүйесі де жоқ.

ТАСҚЫННАН САБАҚ АЛСАҚ...

Биыл Қазақстанда соңғы 80 жылда болмаған ірі су тасқыны орын алды. Мыңдаған адам баспанаңсыз қалды, жүздеген кәсіпкерлік нысан мен инфрақұрылым бүлінді. Дүниежүзілік банктің дерегіне, 12 мыңға жуық тұрғын үйін тастап шықса, 15 облыс апатты сезінген, келген шығын – 658 млн доллар. Солтүстік Қазақстан облысы – 144 млн доллар, Батыс Қазақстан облысы – 141 млн доллар, Атырау облысы – 118 млн доллар, Ақтөбе облысы – 89 млн доллар, Қостанай облысы 77 млн доллар шама-сында зардап шеккен.

Үкімет дерегі де шамалас. Жуырда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев тасқынның зардабын 300 млрд теңгеге теңеген, инфрақұрылым толық жөнделген шақта көрсеткіш көтерілуі мүмкін екенін жасырмады. Міне, ел билігі осы шығынды қазынадан жауып, азаматтарға жалпы сомасы 13,3 млрд теңге біржолғы өлеуметтік көмек, 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төледі. Ресми ресурс – primeminister.kz сайты жариялаған мәліметке сенсек, бұдан бөлек Үкімет резервінен, кәсіпкерлік сектордан да қосымша қаржы қаралған.

«Биыл Үкімет резервінен 42,5 млрд теңге бөлінді. Оның 400 млн теңгесі зардап шеккен отбасыларға Қостанай облысының Арқалық қаласынан 31 пәтер сатып алуға бағытталды. 1,4 млрд теңге – Қостанай облысының Арқалық қаласындағы, Амангелді және Жангелді аудандарындағы «Қостанайжолэлектросервис» КМК электр желілерін қалпына келтіруге кетті. Ал 1,1 млрд теңге – Батыс Қазақстан облысындағы жоғары вольтты электр желілерін күрделі жөндеуге, 22,7 млрд теңге – Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында жол инфрақұрылымын қалпына келтіруге жұмсалды», – делінген ресми мәліметте.

Айта кету керек, шағын және орта бизнеске келген шығынның барлығын дерлік мемлекет өтеді. Бөлінген 12,1 млрд теңге аздақ етіп, «Демеу» корпоративтік қорынан тағы 2,5 млрд теңге алынды. Нәтиже-



сінде өңірлік комиссиялар 734 кәсіпкерлік өтінімін мақұлдап, 14,6 млрд теңге берген.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 3,2%-Ы ҒАНА САҚТАНДЫ- РЫЛҒАН

Жыл басынан бері Ақтөбе облысында су тасқыны салдарынан зардап шеккен 63 шағын және орта бизнес өкілі мен 493 шаруашылыққа көмек беріліпті. Аймақ әкімдігінің мәліметінше, 2 млрд теңгеге жуық қаражат кеткен. Ақтөбелік кәсіпкер Бауыржан Алиев – өтемақыны толық алғандардың қатарында. «Демалыс кешеніміз қала маңында орналасқан. 25 жылға жуық кәсіпті дөңгелетіп, ауқымды демалыс орнына айналған еді. Су тасқыны кезінде кешеннің жер телесі мен 1-қабатын су басты. Бастапқыда өз бетімізше әрекет етіп, есік-терезені қымтаған болатынбыз. Алайда нәтиже болмады. Ондағы мүлік іске аспай қалды. Тіпті, ауладағы тас төсеуішке дейін жарамсыз күйге жетті.

Апаттың беті қайтқаннан кейін арнайы комиссия мен бағалау компаниясы келіп шығынды есептеді. Содан соң облыстық кәсіпкерлік бөліміне тиісті құжаттарды тапсырып, өтемақыны 2 айға жуық күттім. Соңында 28,8 млн теңге өтемақы алдым. Қаржыға жөндеу жұмысын жүргізіп, кешенді қалыпты жағдайға келтіруге мүмкіндік туды», – деді Б.Алиев. Кейіпкермен сөйлесу барысында саладағы ортақ олқылықты байқадық. Кәсіпкер қаншама жыл бизнесті дамытқанымен, апатты жағдайға арналған сақтандыру жүйесін пайдаланбаған. Бұл – жалғыз мысал емес, елдегі кәсіпкерлердің бәрінде бар проблема. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, Қазақстандағы тұрғын үй-жайлардың 3,2 пайызы ғана апаттан сақтандыру жүйесін пайдаланады – халықаралық стандарт бойынша өте төмен көрсеткіш. Бұған не себеп? Нарықтағы компаниялардан сақтандырумен айналысады. Кейінгі 5 жылда 2 жаңа сақтандыру компаниясы ашылса, 2 компания біріктіріліп, 1 сақтандыру ұйымы ұлттық даму институты болып қайта құрылыпты. Биыл

аталған 13 компанияға апатты жағдай өтемақысын алу үшін 166 өтінім келген, азаматтарға берілген төлем – 380 млн теңге.

Нарықта бәсеке де, жүйе де бар. Табыс та аз емес. Кейінгі 5 жылда сақтандыру компанияларының таза пайдасы 639,5 млрд теңгеге жетті, биыл 11 айда 206,8 млрд теңгеге құрады. Тіпті, сақтандыру компаниялары болашақ төлемдерге арналған 201,8 млрд теңге резерв қалыптастырып үлгеріпті. Демек, мәселені мемлекет қосатын мен азаматтардың ұстанымынан іздесек болатындай.

Қазақстанда апат кезінде мүлкікті сақтандыру ерікті тұрде жасалады, яғни ешқандай міндетті төлем жоқ, азаматтардың өз еркі. Содан болар, көбі құлжысыз әрі мұндай қадмды «желге ұшқан ақша» санайды. Тек жыл басынан бері орын алған тасқын мен жер сілкінісінен соң мәселеге көңіл бөлетін топтың қатары артып келеді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, қазір Алматы облысы тұрғындарының 7,7 пайызы сақтандыруға жүгінген. Алматы облысының сақтандыруға бет бұруы тегін емес. Сейсмолог Әлқұат Нұрмағамбетовтің айтуынша, ірі мегаполис үшін қатер қайталануы мүмкін. Сондықтан халық мүлкі мен өмірін сақтандыруға тырысады. Маман 2005-2006 жылдары Алматы қаласының маңында жүргізілген зерттеуді еске алды.

– Арнайы сейсмологиялық карталарда ықтималды зілзала ошақтары орналасқан белдемдер (сейсмоморалдық белдемдер) көрсетіледі. Мұндай карталар республикалық және облыстық деңгейде жасалады. Алматы облысындағы және Алматы қаласының сейсмикалық аудандау карталары қазір қолданыста бар. Соған сүйенсек, Алматы облысында жер сілкінісі толастайтынын көруге болады. Әлсіз жерасты дүмпүлерін есепке алмағанда, жыл басында екі рет болған 5-балдық жер сілкіністері – сезімсіздің дәлелі, – деді сейсмолог.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: ТАЛПЫ- НЫС ПЕН ТӘЖІРИМЕ

Дүниежүзілік банктің дерегіне-ше, табиғи апаттарға арналған сақтандыру жүйесі – Орталық Азияның ортақ олқылығы. Ұйым дамушы елдерге орын алатын апатты жағдайдың 90 пайызы сақтандырылмаған деп отыр. Орталық Азиядағы

зардапты сақтандырудың үлесі ІЖӨ-ның 1 пайызына да жетпейді екен. Салдарынан ел билігі кеткен шығынды қазынадан өтеуге мәжбүр. Қарашада Астана қаласында өткен Дүниежүзілік банк өкілдерінің жиынында экономист Мартин Мелецки қызық деректерді көрсетті. Оның сөзінше, өткен жылы әлемде орын алған апаттық зардабын жоюға сақтандыру жүйесінен 280 млрд доллар жұмсалған. Сондықтан да мушы елдерге бұл бағытқа ойысатын сөз келді.

– Бірнеше жылда Орталық Азиядағы табиғи апат көбейгенін көріп отырмыз. Қазақстанда су тасқыны, Өзбекстанда жер сілкінісі, Қырғызстанда сел ауыр жағдайға әкелуі мүмкін. 2023 жылдың өзінде Тәжікстанда 800-ден астам табиғи апат тіркелді. Осы сатте сақтандыру жүйесі дамыған болса, қаржы жетіспеушілігін шешу, резервті қор жасақтауға, тіпті экономиканы оңалтуға септігін тигізеді. Табиғи апат салдарынан халық кедейленіп, ауыл шаруашылығы туралап қалатыны қиын, – деді Мартин Мелецки.

Сарапшының пікірі оң. Тәжірибе көрсеткендей, табиғи апаттан соң жедел құтқару, инфрақұрылым мен жылжымайтын мүлкікті қалпына келтіру – мемлекет мойнында. Оған зардап шеккендерге көмек үшін жасалатын салық жеңілдігін, апат салдарынан азаятын турист санын, инвесторлардың ойнамалы пікірін қосыңыз. Сол себептен сақтандыруға артық шығын деп емес, болашақта инвестиция есебінде қарауды ұсынуда. Ұйым есебіне сүйенсек, сақтандыру компаниялары 2010 жылы Чилидегі жер сілкінісі кезінде – 95 пайыз, 2011 жылы Жаңа Зеландиядағы апат сәтінде – 70 пайыз, Жапониядағы зілзала кезінде 40 пайыз шығынды жапқан. Оның үстіне сарапшылар сақтандыру жүйесі дамыған үш елді жиі мысал етеді. Оның ішінде Жаңа Зеландия, Марокко және бізге жақыны – Түркия бар.

– Түркияны мысалға алайық, Ондағы халықтың 70 пайызы, өндірістің 75 пайызы жер сілкінісі ықтимал аймақта орналасқан. 1999 жылы Кодазели аймағында жер сілкінісі болған кезде елдегі тұрғын үйді табиғи апаттан сақтандыру үлесі небары 5 пайыз еді. Түркия билігі жыл өтпей сақтандыру индустриясын

қалыптастырып, Табиғи апаттардан сақтандыру полисін (TCIP) құрды. Қазір оларда өмірді сақтандыруға қарағанда апатты жағдайдан сақтандыру жүйесі танымал, – деп түсіндірді Дүниежүзілік банк өкілі Иво Мензингер.

Қазір Түркияда апатты жағдайға маманданған 37 сақтандыру компаниясы мен 17 мыңнан астам сақтандыру агенттігі жұмыс істейді. Олар өткен жылы Кахраманмараштағы жер сілкінісі кезінде 4 айда 500 мыңға жуық өтемақы өтінімін қараған. Таң қаларлығы, азаматтарға алғашқы өтемақы бірінші тауліктен бастап төленіпті. Арнайы жедел желі мен сайтты да жолға қойып, бүгінге дейін халыққа 39 млрд түрік лирасын берген. Сонымен қатар Марокко мысалы да қалып қалмады. Ұйым өкілдері аталған мемлекеттің қоскомпонентті жүйесін мақтайды. 2018 жылы енгізілген жүйенің ерекшелігі, апатты жағдай кезінде екі сақтық жолы бар. Алғашқысы – нарықтағы сақтандыру компаниялары, кейінгісі – Апаттан қорғауға арналған ынтымақтастық қоры (FSEC). Нақтырақ айтсақ, халық сақтандыру компанияларының қызметіне жүгінуге міндеттелген. Ал билік Апаттан қорғауға арналған ынтымақтастық қоры арқылы халықтың осал тобының сақтандыру ақысын төлейді әрі апат кезінде көмек көрсетеді. Мемлекет көмегінің өзі сақтандыру компанияларынан түскен салық есебінен жүргізілетіні тағы бар.

Дүниежүзілік банк Қазақстанның жағдайын да саралап отыр. Тіпті артық-кем тұсын да дәл айтты десек артық емес. Мысалы, ұйымның ауыл шаруашылығын сақтандыру бойынша бас маманы Чарльз Статли заңдағы өзгерісті тілге тиек еткен болатын.

– Қазақстанда 2004 жылы Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заң қабылданды. Мұнда өнімнің инвестициялық құнына қатысты міндетті сақтандыру жүйесі, мемлекеттік-жекешелік әріптестікте 50 пайызға дейін мемлекет қаржысын пайдалану, егіс алқабының 75 пайызын сақтандыру жүзеге асты. Алайда 2020 жылы заңға өзгеріс еніп, өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру ерікті формаға ауысты. Дегенмен qoldau.kz секілді цифрлық бағдарламаның жемісті нәтиже бергенін жоққа шығара алмаймыз, – деді ол.

Жалпы Орталық Азия елдері

қарап жатқан жоқ. Мысалы, 2015 жылы Қырғызстанда зілзаладан сақтандырудың міндетті бағдарламасы құрылды. Қазір 11 пайыз қырғызстандық сақтандырылған. Ал Өзбекстан мен Тәжікстан Дүниежүзілік банктің көмегімен апатты жағдайға арналған резервті қор құру, сақтандыру реформасын жүргізу ісін қолға алды. Қазақстан болса, сақтандыру жүйесін реттеуді нарық ырқына беруге бел шешкен.

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАНДАЙ ЖОЛ ТИІМДІ?

Қазір Қазақстанда табиғи апаттардан сақтандыру үшін міндетті немесе жүктелген сақтандыру қарастырылуда. Жоба жүзеге асса, елдегі тұрғын үй құрылысы сақтандырумен қамтылуы ықтимал. Өзірге сақтандыру жарнасының мөлшері, төменгі шекті белгілеу оңай емес. Ол үшін ауқымды статистикалық деректі сараптау қажет. «Ең тиімді модель – мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты бойынша қорғау тетігін құру. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сақтандыру ұйымдары ірі табиғи апаттардың залалын толығымен өтей алмайды.

Табиғи апат қаупіне жиі ұшырайтын елдердің басым бөлігінде, соның ішінде Түркия, Румыния, Франция, Испания, Марокко, АҚШ және Қырғызстанда апаттық төуекелдерді сақтандыру міндетті», – деп атап өтті ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова. Маңыздысы, өзгеріске қадам жасалды, нәтиже жақын. Осы ретте Агенттікке жобаның қашан жүзеге асатыны туралы ресми сауал жолдаған болатынбыз. Білгеніміз, қазір жаңа бастама пысықталу үстінде, келер жылы нақты талаптары белгіленбек.

«Мемлекеттік органдар және халықаралық сарапшылармен (Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк) бірлескен жұмыс жүріп жатыр. Қарастырып отырған нұсқаның бірі – апатты жағдайларға арналған тұрғын үйлерді міндетті сақтандырудың енгізуі.

Жұмыс барысында Түркия, Испания, Франция, Германия, Индонезия және Жапония сияқты елдердің моделі зерттелді. Қазақстан үшін апатты төуекелдерден сақтандыру моделінің негізгі параметрлерін пысықтау 2025 жылдың соңына дейін жалғасады», – делінген хат мәтінінде.

Осы орайда «отандық сақтандыру компаниялары бұл жүктелмеге дайын ба, оларды қадағалау қалай жүргізіледі?» деген заңды сауал туындайды. Байқауымызша, аталған міндет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүктелетін секілді. Қазірдің өзінде Агенттік құзіретіне сақтандыру ұйымдарын тексеру, белгіленген ережелерді сақтауын қамтамасыз ету кіреді.

Сақтандыру ұйымын құруға рұқсат беру, басшылық қызметкерлерге қойылатын біліктілік талабын белгілеу, сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібін анықтау да осы мекеме арқылы жүргізілетіні тағы бар. Оған қоса сақтандыру секторын реттеу үшін «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ жүйелі жұмыс істеуде. Бұған дейін «Қазақстанда міндетті сақтандыру институтын енгізу мүмкін бе, енгізілсе, механизмді қандай болуы керек?» деген тақырыпта Kazinform тілшісінің сарапшылармен сұхбатын жариялаған болатынбыз.

Ерсін ШАМШАДИН,
«Қазақпарат»

Денсаулық беті

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ КОСПАЛАР: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ?



Тағамға биологиялық белсенді қоспалар – табиғи және (немесе) табиғи биологиялық белсенді қоспаларға ұқсас заттар, сондай-ақ тамақпен бір мезгілде тұтынуа немесе тамақ өнімдерінің құрамына енгізуге арналған пробиотикалық микроорганизмдер.

Тамақпен бірге өткізуге рұқсат етіледі. Мамандандырылған тамақ өнімдерін мемлекеттік тіркеу оны кеден одағының кедендік аумағында өндіруге (дайындауға) дайындау кезеңінде, ал Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін мамандандырылған тамақ өнімдерін - оны кеден одағының кедендік аумағына әкелгенге дейін жүргізіледі.

тіркеу туралы куәліктің болуы оның қауіпсіздігі мен сапасын растайды. Осыған байланысты сауда субъектілеріне (объектілеріне) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік міндетті түрде болған кезде тағамға биологиялық белсенді қоспаларды өткізуді жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, әрбір тұтынушы тағамға биологиялық белсенді қоспаларды сатып алу кезінде сатушыдан оның қауіпсіздігін растайтын құжатты талап етуге құқылы.

Ф. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ҚЫЗЫЛШАДАН САҚТАНУ ҮШІН: СІЗ НӘ БІЛУҢІЗ КЕРЕК?

Қызылша – вирус тудыратын өте жұқпалы және ықтимал ауыр ауру.

Қызылша вакцинасының екі дозасы инфекциядан және аурудың ықтимал ауыр зардаптарынан өмір бойы қорғауды қамтамасыз етеді.

Кең ауқымды вакцинация енгізілгенге дейін ірі эпидемиялар шамамен 2-3 жыл сайын орын алып, жыл сайын дүниежүзінде шамамен 2,6 миллион өлімге әкеледі. Вакцинация бұл санды күрт төмендеткенімен, вирус таралуын жалғастыруда және 2021 жылғы қызылшадан шамамен 128000 адам қайтыс болды деп есептеледі. 2023 жылы ДДҰ-ның еуропалық аймағында қызылша ауруы өсе бастады.

Вакцинация – қызылшаның алдын алудың жалғыз жолы. Қызылшаны тоқтатудың жалғыз жолы – вакцинация арқылы алдын алу. Қызылшаға қарсы вакцинация қауіпсіз және тиімді. Вакцинаның 2 дозасын алған адамдардың шамамен 99%-ы өмір бойы одан қорғалады. Халықтың жыл сайынғы 95 пайыздық вакцинациямен қамтылуын қамтамасыз ету қызылшаның таралуына және ірі эпидемиялардың пайда болуына жол бермейді.

ҚЫЗЫЛША ҚАЛАЙ ТАРАЙДЫ?

Өдетте қызылша тікелей жанасу және ауа тамшылары арқылы таралады. Вирус тыныс алу жолдарына әсер етеді, содан кейін бүкіл денеге таралады.

Қызылша вирусы беттерде немесе ауада 2 сағатқа дейін өмір сүре алады. Егер басқа адамдар жұқтырған ауамен тыныс алса немесе жұқтырған бетке, содан кейін көзіне, мұр-



се, олар жұқтыруы мүмкін.

Вирус жұқтырған адам вирусы кез-келген белгілер пайда болғанға дейін басқаларға жұқтыруы мүмкін, ал вирус жұқпалы болғандықтан, онымен тығыз байланыста болған иммунитеті жоқ адамдардың 90%-ы жұқтырады және ауырады.

ҚЫЗЫЛША ҚАУІПТІ МЕ?

Көптеген жұқпалы аурулар сияқты, қызылша әдетте жоғары температурадан басталады. Содан кейін мұрынан су ағу, жетел, конъюнктивит, ауыздың шырышы қабығында ұсақ ақшыл дақтар пайда болады.

Бірнеше күннен кейін ауыр бөртпе пайда болады, ол уақыт өте келе бүкіл денеге таралады.

Көп жағдайда қызылша инфекциясы 7-10 күннен кейін жойылады, бірақ шамамен 5 адамның біреуінде отит, саңырау, соқырлық, пневмония, энцефалит (мидың ісінуі) немесе тіпті өлім сияқты ауыр

Сондай – ақ қызылша инфекциясы адамның иммунитеті жүйесін әлсірететіні көрсетілген, бұл басқа патогендермен айлар немесе тіпті жылдар бойы күресуді қиындатады.

Иммунитеті жоқ кез-келген адам жұқтыруы мүмкін (бұрын ауырмаған, вакцинацияланбаған немесе вакцинацияланған, бірақ иммунитетті дамытпаған). Ауыр асқынулар 5 жасқа дейінгі балаларда, сондай-ақ 30 жастан асқан ересектерде жиі кездеседі.

Жүктілік кезінде иммунитеті жоқ және қызылша ауруы бар әйелдер түсік тастау, мерізімінен бұрын босану салмағы аз нәрестелер туылу қаупіне ұшырайды.

Қызылшаның өршуі, әсересе, табиғи апаттан немесе жанжалдан зардап шегетін немесе қалпына келетін елдерде өлімге әкелуі мүмкін.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ҚҰТЫРМА АУРУЫ



Құтырма – адамға құтырған жануарлардан жұғатын вирустық ауру. Жүйке жүйесінің зақымдалуымен сипатталатын және дерттің соңы өліммен аяқталатын вирустық инфекциялық ауру. Ауру қоздырғышы тістеген жерден денеге еніп, өсіп өнеді. Адам иммунитеті (білінбейтін жасырын) кезең (30-90 күнде, кейде 7 күннен 1 жылға дейін созылуы да мүмкін) өткеннен кейін ауыра бастайды, жүйке жүйелері зақымданады. Ауруды қасқыр, түлкі және т.б. аңдар, сондай ақ ауылшаруашылығы жануарлары (ірі мүйізді мал, ұсақ мүйізді мал, жылқы, шошқа) және үй жануарлары (ит, мысық) таратады.

Құтырма – адамға құтырған жануарлардан жұғатын вирустық ауру. Жүйке жүйесінің зақымдалуымен сипатталатын және дерттің соңы өліммен аяқталатын вирустық инфекциялық ауру. Ауру қоздырғышы тістеген жерден денеге еніп, өсіп өнеді. Адам иммунитеті (білінбейтін жасырын) кезең (30-90 күнде, кейде 7 күннен 1 жылға дейін созылуы да мүмкін) өткеннен кейін ауыра бастайды, жүйке жүйелері зақымданады. Ауруды қасқыр, түлкі және т.б. аңдар, сондай ақ ауылшаруашылығы жануарлары (ірі мүйізді мал, ұсақ мүйізді мал, жылқы, шошқа) және үй жануарлары (ит, мысық) таратады.

сабынды сумен мол көлемде жуып (вирус жарақат арқылы денеге еніп кетпеуі үшін), дереу дәрігерге жүгіну керек. Барлық емдеу орындары алғашқы көмек көрсетуге міндетті. Сонымен қатар кеміргіштер тістеп алған жағдайларда да дәрігер көмегіне жүгіну қажет

-Травматологиялық немесе хирургиялық кабинеттер құтырмаға қарсы вакцинациялау жүргізеді. 3 немесе 5 екпеден тұрады. Тістеп алған жануар белгісіз болса, немесе өліп қалса емдік курсы жалпы бекпеден (0-күн, 3-күн, 7-күн, 14-күн, 28-күн, тұрады). Ал белгілі жануардың сау екендігі туралы ветеринариялық бақылаудың қорытындысымен 0,3,7 күнді екпелерін алғаннан кейін екпе тоқтатылады. Жарақат алған адамдардың екпеден бас тартуы қауіпті.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ БІРІ:

- Иесіз иттер мен мысықтарды жою,
- Үйдегі ит, мысықтарды жыл сайын алдын ала вакцинациялау (егу)
- Жануардан зардап шеккенде тез арада дәрігерге қаралып екпелерін дәрігер тағайындаған күннен кешіктірмей алу.
- Адамға, малға шабуыл жасаған белгісіз ит, мысықтарды өлтірген жағдайда да өз беттерін көміп тастамай ветеринариялық қызметке міндетті түрде хабарлау қажет.

Ағымдағы жылы аудан аумағында ит-мысықтан зардап шеккендер 15. Олардың ішінде иттен 13, мысықтан 1, түлкіден 1 адам. Соның ішінде белгісіз иттен 2 адам зардап шеккен. Екпенің толық курсы 4 адамға тағайындалып, 11 адамға толық емес екпе курсы тағайындалды. Ауданда құтырмамен 2024 жылы эпизоотологиялық қолайсыз аймақ жоқ.

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПША

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 13 наурыздағы № 9 бұйрығымен “жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығына өзгерістер енгізілді. Енді 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке медициналық кітапшалар (бұдан әрі – ЖМК) электрондық форматта берілетін болады.

ЖМК-ны электрондық форматта беру медициналық және әкімшілік қызметтерді цифрландырудағы маңызды қадам болып табылады. Электрондық форматтың басты артықшылығы – бұл қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін ыңғайлылық. Енді ақпаратты жаңарту үшін медициналық мекемелерге үнемі бару қажеттілігі азаяды, өйткені медициналық тексерулер мен талдаулар туралы мәліметтер автоматты түрде электронды базаға енгізілуі мүмкін.

Жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің ЖМК-ның өзектілігін тез тексере алады, ал қызметкерлердің өздері eGov мобильді қосымшасы арқылы өз деректеріне eDensaulық сервисіне өту арқылы қол жеткізе алады. Электрондық ЖМК енгізу – мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың жалпы стратегиясының маңызды элементі.

ТМҚК ПАКЕТІНЕ НЕ КІРЕДІ?



Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде мыналарды алуға болады:

- Жедел медициналық көмек (оның ішінде медициналық авиация)
- Алғашқы медициналық-санитариялық көмек
- созылмалы және әлеуметтік маңызы бар аурулары бар пациенттерді динамикалық байқау
- шұғыл медициналық көмек
- созылмалы және әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде күндізгі, тәулік бойы және үйдегі стационарда медициналық көмек
- туберкулез кезінде оңалту және 1 кезеңді оңалту
- донорлық
- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және т. б.

ТМҚК ҚР Конституциясында айқындалған және Қазақстанда тұруға ықтиярхаты бар Ойыл аудандық орталық ауруханасы Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Өткелбаева Самалға ағасы

Аманғосың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

барлық азаматтар мен белгілі себептермен уақытша келген шетелдіктерге беріледі. Сонымен, ТМҚК алушыларды көлеміне қарай бірнеше топқа бөлуге болады:

- ҚР азаматтары және тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер. ҚР халқының бұл тобы ТМҚК-ны толық көлемде алады;
-азаматтығы еліне қарамастан, айналасындағыларға қауіп төндіретін ауру анықталған ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер. Олар аурулар тізімі бойынша медициналық көмек алады (ДСӨДМ №121 бұйрығы);
-уақытша болатын шетелдіктер, ҚР ратификациялаған халықаралық келісімдер жасалған елдердің азаматтары. Бүгінгі таңда осындай екі келісім бар, олар ЕАЭО туралы шарт және ТМД елдері арасындағы Келісім, олар бойынша қатысушы елдердің азаматтарына шұғыл және шұғыл медициналық көмек көрсетіледі. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі медициналық көмек пакеті ҚР азаматтарына, тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер және ЕАЭО шартына қатысушы елдерден уақытша келетін шетелдіктерге-еңбекші көшіп – қонысшыларға және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне (жұбайлары мен балалары) беріледі.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл
Menşik ises: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 104 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

